

Академик Е.А. Бокетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу  
университеті философия және мәдениет теориясы  
кафедрасының докторанты Ахметова Индира Абдигазымовнаның  
«8D02201 – Философия» білім беру бағдарламасы бойынша PhD докторы  
ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған  
«Қазақ даласы құндылықтарының жүйесіндегі еріктілік (философиялық-  
этикалық дискурс тәжірибесі)» тақырыбындағы  
диссертациялық жұмысына отандық ғылыми кеңесшінің

### ПІКІРІ

Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік-мәдени өзгерістер жағдайында еріктілік феноменін философиялық және этикалық тұрғыдан зерттеу ерекше өзектілікке ие. Бұл құбылыс адамзат оркениетінің рухани дамуымен, мәдени сабақтастықты сақтаумен және әлеуметтік интеграциямен тығыз байланысты. Ахметова Индира Абдигазымовнаның «Қазақ даласы құндылықтарының жүйесіндегі еріктілік (философиялық-этикалық дискурс тәжірибесі)» атты диссертациялық жұмысы осы мәселеге арналған және уақыт талабына сай, ғылыми әрі практикалық мәні зор еңбек болып табылады.

Диссертациялық жұмыс қазақ даласындағы құндылықтар жүйесіндегі еріктілік феноменін философиялық-этикалық тұрғыдан кешенді зерттеуге арналған. Зерттеу барысында еріктіліктің философиялық дискурстағы орны, оның тарихи-мәдени контекстегі қалыптасуы, түркілік дәуірден бастап ислам оркениетіне дейінгі даму жолдары мен қазіргі жаһандану жағдайындағы маңызы жан-жақты талданған.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы кіріспеден, үш тараудан және қорытындыдан тұрады. Кіріспе бөлімінде зерттеу тақырыбының өзектілігі, мақсаты мен міндеттері, нысаны мен пәні, ғылыми жаңалығы мен әдіснамалық негіздері жан-жақты айқындалған. Бұл бөлім жұмыстың жалпы ғылыми бағытын анықтап, зерттеудің өзегін нақтылап береді.

Бірінші тарауда еріктіліктің философиялық табиғаты мен мазмұны, оның онтологиялық негіздері қарастырылады. Мұнда еріктілік тек әлеуметтік іс-әрекет немесе азаматтық белсенділіктің түрі ретінде емес, болмыстың философиялық категориясы тұрғысынан пайымдалады. Автор еріктілікті руханилықтың көрінісі ретінде анықтап, оны адам болмысының мәндік сипаттамасын айқындайтын тұтас әрі көпқырлы феномен ретінде сипаттайды. Осы тұрғыдан алғанда, еріктілік адамның еркін ерікке қабілеттілігін, өзін-өзі жүзеге асыру жолын және өзгеге бағытталған әрекет арқылы болмысын толықтыру үдерісін бейнелейді. Философиялық теориялар негізінде ол экзистенциалдық еркіндіктің, адамгершілік таңдаудың және онтологиялық жауапкершіліктің айрықша формасы ретінде талданады.

Екінші тарауда қазақ халқының мәдениеті мен дүниетанымындағы еріктіліктің көріністері талданып, түркілік рухани тәжірибелер мен ислам оркениеті ықпалы негізінде оның қалыптасу ерекшеліктері айқындалады. Диссертациялық жұмыста еріктілік ұғымы тарихи-мәдени және рухани-этикалық дәстүрлер контекстінде қарастырылады. Автор қазақ даласының

дәстүрлі дүниетанымындағы «саки», «сахауат», «жауанмәртлік» ұғымдарына арнайы тоқталып, олардың еріктілік феноменімен сабақтастығын ашады. Сонымен бірге зерттеуде «фарғ» және «фазыл» ұғымдарына да назар аударылады. «Фарғ» түсінігі адамның өзіне қажеттісінен артылғанын өзгемен бөлісу дәстүрімен байланыстырылады, ол еріктіліктің тек материалдық емес, рухани-адамгершілік қырын да айқындайды. Ал «фазыл» ұғымы ізгілік пен жақсылыққа ұмтылыстың жоғары деңгейін көрсетіп, адамның кісілік қасиеттерін және моральдық жетіктігін сипаттайды. Мұнда тек көмек беру ғана емес, қоғамдағы игі істерге бастамашы болу да маңызды мәнге ие.

Зерттеуде еріктіліктің жалпыадамзаттық философиялық категория ретіндегі альтруизммен үндестігі де қарастырылады. Альтруизм – өз мүддесінен жоғары қойып, өзгенің игілігі үшін әрекет ету ұстанымы арқылы еріктіліктің мәнін тереңірек ашуға мүмкіндік береді. Осы қырынан алғанда, еріктілік саки, сахауат, жомарттық, фарғ, фазыл сынды дәстүрлі рухани категориялармен ұштасып қана қоймай, заманауи философиядағы альтруистік бағытпен де тоғысады. Осы негізде, диссертациялық жұмыста еріктілік ұғымы әлеуметтік тәжірибемен қатар рухани-адамгершілік құндылықтардың маңызды бөлігі ретінде жүйелі қарастырылады және оның мәдени-тарихи негіздері мен философиялық мағынасы кеңінен талданады.

Үшінші тарауда қазіргі қазақстандық қоғамдағы еріктілік құбылысы философиялық-этикалық тұрғыдан пайымдалып қана қоймай, сонымен бірге әлеуметтік талдау да жүргізіледі. Бұл ретте автор Қазақстан мен Түркия жастары арасында арнайы салыстырмалы зерттеу өткізіп, олардың еріктілікке деген қозғалыстарын, қатысу деңгейін және мотивациялық факторларын анықтайды. Әлеуметтанулық сауалнама мен сұхбат нәтижелері екі ел жастарының еріктілік тәжірибесінде ортақ тұстар да, ұлттық-мәдени ерекшеліктер де бар екенін көрсетеді. Қазақстандық жастар көбіне әлеуметтік қолдау мен қоғам алдындағы жауапкершілік құндылықтарын баса көрсетсе, түрік жастары еріктілікті діни-рухани міндетпен және мәдени дәстүрлермен ұштастырады.

Зерттеу барысында алынған деректерге сүйене отырып, жаһандану жағдайында еріктілік феномені екі елдің де жастарында ұлттық кодты сақтаудың маңызды мәдени тетігі ретінде көрініс табатыны айқындалды. Бұл салыстырмалы әлеуметтанулық талдау жұмыстың теориялық-әдіснамалық негіздерін толықтыра отырып, практикалық қырларын да тереңдетеді.

Қорытынды бөлімде диссертацияның мазмұнынан туындайтын негізгі нәтижелер жинақталып, автордың ғылыми тұжырымдары беріледі. Жұмыс бөлімдері өзара жүйелі байланысқан, логикалық тұрғыдан бірін-бірі толықтырады және қойылған мақсат пен міндеттерге толық жауап береді.

Докторант Ахметова И.А. зерттеу жұмысының нәтижелері мен қорытындыларын отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда 23 мақала жариялаған. Оның ішінде ҚР ГЖБССҚК ұсынған отандық басылымдарда жарияланған - 6, Қазақстанда өткен халықаралық ғылыми конференциялар жинағында - 5 мақала; жақын және алыс шетелде өткен ғылыми конференцияларда 12 мақалалар мен тезистер (оның ішінде Түркия, Испания,

Ұлыбритания, Канада елдерінде) басылып шықты. Сондай-ақ, зерттеу тақырыбы аясында ағылшын, түрік тілдерінде 3 монография (Түркия, Франция) жарияланды.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы қазақ даласының құндылықтар жүйесіндегі еріктілік феноменін алғаш рет кешенді философиялық-этикалық тұрғыдан қарастыруымен анықталады. Автор еріктіліктің тарихи-мәдени бастауларын айқындай отырып, оның қазіргі қоғамдағы рухани және әлеуметтік маңызын терең пайымдайды. Әдіснамалық тұрғыдан тарихи-философиялық, герменевтикалық, салыстырмалы және аксиологиялық тәсілдер тиімді қолданылып, зерттеудің ғылыми негізділігі қамтамасыз етілген.

Жалпы алғанда, Ахметова Индира Абдигазымовнаның диссертациялық жұмысы мазмұны мен құрылымы жағынан ғылыми талаптарға толық сәйкес келеді. Еңбек философиялық талдаудың тереңдігімен, әдіснамалық негіздерінің сенімділігімен және практикалық маңыздылығымен ерекшеленеді. Ахметова Индира Абдигазымовнаның зерттеуі қазақ даласындағы еріктілік феноменін ұлттық құндылықтар жүйесінде философиялық-этикалық тұрғыдан зерделеуге қосылған елеулі үлес болып табылады. Сондықтан диссертациялық жұмысты «8D02201 – Философия» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайықты еңбек деп санаймын және қорғауға жіберуді ұсынамын.

Отандық ғылыми кеңесші:

Академик Е.А. Бокетов атындағы  
Қарағанды ұлттық зерттеу университеті  
философия және мәдениет теориясы  
кафедрасының ф.ғ. д., профессор-зерттеушісі



Б.И. Карипбаев

